ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№11 (236)
24 qarasha
2023 jyl

JETISỲ OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ



# ВОЛЕЙБОЛШЫ ҚЫЗДАР ЕРЛЕДІ

Түркі әлемінің алтын бесігі - Түркістан қаласында II түркі Универсиадасы өтті. Туыстас түркі елдерінің студенттері арасындағы байрақты бәсекеге Жетісу университетінен волейболдан қыздар командасы да қатысып, жеңіс туын желбіретуге өз үлестерін қосты. Осылайша Қазақстанның волейболдан қыздар құрамасы II Түркі Универсиадасында алғашқы алтынды қанжығасына байлады. Әйелдер волейболында Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы финалда Қазақстан командасы 3:0 есебімен жеңіске жетті.




Универсиаданың алғашқы жеңімпаздарын ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан марапаттады.

Басқарма төрағасы – Ректор Қуат Баймырзаев дүбірлі додаға үкілеп қосқан үміткерлерін қабылдап, жарыс жолында сәттілік тілеп шығарып салған болатын. Ректор жеңіспен оралған студенттерге қолдау, ынталандыру мақсатында университет атынан сыйақы берілетіндігін де айтқан.

Универсиадаға түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы елдердің (Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан) және Венгрияның (байқаушы) 450-ден астам студент-спортшылары қатысты.

Спорттың 7 түрінен өткен жарысты ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырды. Бұл Қазақстанның төрағалығымен Түркі мемлекеттері Ұйымының Х саммиті өткеннен кейін ұйымдастырылған алғашқы шара.

Ашылу салтанатында түркі мемлекеттері Ұйымы Бас хатшысының орынбасары Сади Джафаров, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды сөз сөйлеп, түркі жастарына табыс тіледі.

## ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ 500 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ӨСЕДІ

***АЛДАҒЫ 4-5 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ 500 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ЖЕТЕДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ САЯСАТ НҰРБЕК МӘЛІМДЕДІ.***

3 жыл докторантурада оқып, PhD алып шыққаннан кейін осы оқыған уақыты университетке келгенде есепке алынбайды. Оқытушылықтан бастауына тура келеді. Бізде оқытушы, аға оқытушы, қауымдастырылған профессор, профессор деп бөлінеді. Профессорлыққа жеткенге дейін біраз уақыт өтеді. Мақалалар жазып, гранттарға қатысуы керек. Сондықтан ең алдымен PhD қағидаттарын өзгертіп жатырмыз. PhD шәкіртақысын көтереміз. Биыл 217 мың теңгеге жетті. Жыл сайын 20 пайыз көтеріліп отырады. Алдағы 4-5 жылдың ішінде 500 мың теңгеге дейін жеткізу жоспарымызда бар, – деді министр.

СТУДЕНТТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



2 бет




ӘЛЕМДІК ПЛАТФОРМА COURSERA ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

3 бет

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МАМАНДЫҒЫНА - 45 ЖЫЛ!



4-5 бет



УЧЕБА БЕЗ ГРАНИЦ: уникальные возможности обучения за рубежом для студентов

8 стр.

№11 (236) 24 qarasha, 2023 jyl

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# СТУДЕНТТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



17 қараша – Халықаралық студенттер күніне орай мерекелік кеш өтті. Кеш Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің студенттерге арналған бейнеқұттықтауымен басталды. Басқарма төрағасы – Ректор Қуат Баймырзаев барша студенттерді айтулы мерекемен құттықтады. Белсенді студенттерге төсбелгі тағып, Алғыс хатпен марапаттады.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 4 курс студенті, «Rise Up» клубының президенті Дана Дубекова, «Биле ЖУ» байқауының екі дүркін жеңімпазы, Халықаралық «Жас Дарын» байқауының 1-орын иегері Шұғыла Айбекқызы, «Х фактор» жобасының финалисі Акбота Сабыржанова, Халықаралық «Magic voice» байқауының 1-орын иегері, республикалық «Алтын микрофон» байқауының бас жүлде иегері Амина Набиолдина, «ҚР-ның 100 үздік дарынды студенті» атанған, Ерметаев Шыңғыс, сондай-ақ Аружан Ажетова, Ділназ Имамуса, Назерке Даулетбеккызы «Белсенді қоғамдық қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Мерекелік шарада халықаралық, республикалық спорттық байқауларда топ жарып жүрген, белсенді студенттерді ынталандыру мақсатында ақшалай сыйақы берілді.

# ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛДІ



Дзюдодан университет студенттері арасында ҚР Ұлттық Студенттік Лигасына іріктеу өтті. Жарыстың мақсаты студенттік жастар арасында Дзюдо күресі мен салауатты өмір сүру негіздерін насихаттау, спортшылардың шеберліктерін шыңдау, университет құрама командасына іріктеу және студенттер арасындағы жолдастық қарым-қатынасты нығайту. Жарыс ҚР Дзюдо федерациясы бекіткен ережеге сәйкес 60, 66, 73, 82, 90, 100, 100+ салмақ бойынша өткізілді. Жарысқа қатысушы спортшылардың арасында Дзюдодан ҚР спорт шеберлері және спорт шеберіне үміткер палуандар болды. Тартысты бәсеке қорытындысы бойынша 1-орын Құқық және экономика жоғары мектебі командасына, 2-орын Жансүгіров колледжі командасына, 3-орын Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі командасына берілді.



# КЕМБРИДЖ УНИВЕРСИТЕТІ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ИЕГЕРІ СЕМИНАР ӨТКІЗДІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының базасында Орталық Азия университетімен бірлескен іс-шаралар аясында ағылшын тілі оқытушыларына «Enhancing Language Teaching Proficiency: A Macrostrategic Approach» тақырыбы бойынша тренинг өтті. Тренингті Орталық Азия Университеті академиялық мақсаттағы ағылшын тілі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, білім беру саласының докторы (Эксетер университеті, Англия), CELTA (Кембридж университеті) сертификатының иегері Хамид Али Хан өткізді. Тренингке Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің, Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының және Талдықорған қаласы колледждерінің ағылшын тілі оқытушылары қатысты.

# ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жетісу университетінің базасында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Жиынға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Қытай және Словакия жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен ғалымдары қатысты.

«ЮНЕСКО-ның Геопарктері: Ресей Федерациясы мен Қазақстан республикасының ұлттық заңнамасын дамыту» мәселесі пленарлық отырыста талқыланған қызықты тақырыптарының бірі болды. Бұл мәселені Ресей Федерациясы Қазан (Еділ) федералды университетінің доценті, з.ғ.к. Елена Лунева көтерді. Ғалымның айтуынша, Қазақстанда табиғатты құқықтық қорғау негізінен биологиялық және ландшафттық әртүрлілікті сақтауға бағытталған.

Конференцияның пленарлық отырысында Қырғызстан, ҚХР профессорлары мен отандық ғалымдардың баяндамалары тыңдалып, талқыланды. Жетісу университетінің оқытушы-лекторы Б.Шыңғаева «Медиация институтының даму мәселелері мен перспективалары» тақырыбында баяндама жасады.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысы 5 бағыт бойынша өтті. Онда «Гуманитарлық білім беруді дамыту үрдістері мен басымдықтары», «Жаратылыстану-ғылыми білім беру: дамудың өзекті мәселелері мен тенденциялары», «Қазіргі заман шындығындағы құқық және экономика: ұлттық, өңірлік және халықаралық өлшем», «Қазіргі білім беру жүйесінің тәрбиесі мен практикасы», сондай-ақ «Қоршаған ортаны қорғау және техникалық ғылымдарды жаңғыртудың өзекті аспектілері» талқыланды.

# DAAD ЖӘНЕ ЭРАЗМУС + ЖОБАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Жетісу университетінде DAAD және Эразмус+ интернационалдандыру жобасының өкілдері Тбилиси мемлекеттік университетінің классикалық әдебиет кафедрасының доценті доктор Ирина Дарчия және голландиялық профессор, Халықаралық тюнинг академиясының директоры Роберт Вагенаармен кездесу өтті.

Сарапшылардың келу мақсаты университеттегі Болон процесінің негізгі принциптері мен құралдарын, атап айтқанда ұтқырлық пен интернационалдандыруды сондай-ақ қос дипломды бағдарламаның іске асуын бағалау.

Қонақтар бүкіл әлем бойынша ЖОО жүйесін реформалау үшін қолданылатын білім беру тюнингі саласындағы тәжірибелерімен бөлісті. Бұл бағдарлама 2000 жылы Европалық комиссияның қолдауымен ұсынылған, мұнда бағдарламалардың әртүрлілігі, тұлғаға бағытталған оқыту және дербестігі ескерілген.

Осылайша, білім беру процесін біріздендіру үдерісі оқу мақсаттарын нақтылайтын, оларға қол жеткізу кезеңдерді анықтайтын және нәтижелерді адекваттық бағалауды қамтамасыз ететін құзыреттілік жүйесінен өтуі керек.




# ЖУ ҚЫЗДАРЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Жетісу университетінің стадионында футзалдан Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы мен Жетісу университетінің қыздар командасы арасында жолдастық кездесу өтті. Университетіміздің жаңадан құралған командасы өте жақсы ойын техникасы мен тактикасын көрсете білді. Қонақ команда да жоғары дайындықпен келгендерін ойын алаңында көрсетті. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы соңғы үш Универсиаданың, 2023 жылы Астана қаласында өткен ҚР Ұлттық Студенттік Лигасының және Алматы қаласының жоғары оқу орындарының арасындағы Чемпионатының чемпионы.

Университетімізде футзалдан қыздар командасын құру - ҚР Ұлттық Студенттік Лигасы құрылғаннан бері университет Спортклубының негізгі мақсатының бірі болып келген. Бүгінгі күні университетіміздің құрама командасы іріктеу жарыстарынан соң толықтай жасақталды. Негізгі ойыншылар Дене шынықтыру және спорт мамандығында оқитын студенттерден құрылған. Команда мүшелері: Нұрай Саматқызы, Дана Байбуран, Тоқжан Дуйсенғали, Аружан Муратбек, Асыл Какен. Жарыс қорытындысы бойынша 4:3 есебімен Жетісу университетінің қыздары жеңіске жетті.

# «SMART PARKING» АҚЫЛДЫ ТҰРАҚ – БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ



ЖОО қызметкерлеріне арналған бет-әлпетті тану технологиясы бар тұрақ кеңістігін басқарудың зияткерлік жүйесін І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғалымы Анет Ибраимов әзірледі.

- Студенттер арасында автокөлік иелері көп болғандықтан оқу орнының қызметкерлері мен оқытушыларына көлік қоятын орын болмай қалады. Автотұрақты бір ретке келтіруді ойлап, резервтелген тұрақ орындарын қамтамасыз ету үшін «SmartParking» ақылды тұрағын ойлап таптым,-дейді автор.

Бейнетіркеу жүйесі жүргізушінің (қызметкердің) бет-әлпетін анықтай отырып, резервтелген орындардың бірінің құлпын лезде ашуды жүзеге асырады. Шлагбаумды ашу немесе жабу туралы шешім автоматты түрде қабылданады.

Тұрақ жүйесінде пайдаланып жүрген бейнетіркеу автомобильдің тек қана мемлекеттік нөмірлерін оқитын болса, бұл жүйенің ерекшелігі бет-әлпетті тану технологиясын қолдануында.

Анет Ибраимовтың айтуынша, бағдарламаның толыққанды жұмыс істеуі үшін мәліметтер базасына жүргізушінің бір ғана фотосуреті қажет. Сонымен қатар, жүйе жүргізушіге ата-аналарына, жұбайларына немесе балаларына тиесілі кез келген мемлекеттік нөмірлері бар көлікті пайдалануға мүмкіндік береді. Мобильді қосымшаның көмегімен тұрақ орнын брондау жеткілікті.




# ӘЛЕМДІК ПЛАТФОРМА COURSERA ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Coursera – дәстүрлі сабақ өту негізінде құрылған онлайн платформа.

Coursera – әлемдегі 150-ден астам танымал университеттермен және колледждермен серіктес. Мұнда 2500-ден астам курстар, жүздеген мамандықтар және 40 миллион оқушысына ұсынылатын төрт ғылыми дәреже бар. Сонымен қатар смартфонға арналған қосымшасы да белсенді түрде жұмыс істейді. Курстардың басым көпшілігі Гарвард, Пенсильвания, Вирджиния және Мичиган университетінің білікті ұстаздарының қатысуымен және профессорларының қолдауымен жасақталған.

Қазіргі уақытта жаһандық білім беру платформасының 50 басым курсы қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді, олар бағдарламалау және цифрландыру, математика, физика, маркетинг және басқа да салаларды қамтиды. Басым курстардың тізіміне АҚШ, Еуропа және Азияның жетекші университеттерінің бағдарламалары кіреді.

Сіз де coursera.org сайтына тіркеліп, бос уақытыңызды тиімді пайдаланыңыз.

# Студенттік өмір несімен қызық?

Бала кезімізде адам өміріндегі ең қызық сәт - студенттік кезең дегенді жиі еститінбіз. Қазір І.Жансүгіров атындағы жоғарғы оқу орнының Қоғаммен байланыс мамандығының 2 курс студентімін. Оқимын деп ойламаған, жоспарламаған оқу орнында оқып жатырмын. Студенттік кезеңімнің бірінші курсын оқу мен жаңа таныстыққа арнадым. Енді қазір сол бір жақын болып кеткен жандардың өмірімнің соңына дейін қуанышымды бөлісер, арқа сүйер дос болып қалғанын қалаймын.

Ал қазіргі таңда оқуыма бұрынғыдан тереңірек ден қойып, университеттің жасаған мүмкіндігінің арқасында қоржынымды біліммен толтырып жатырмын. Бұл жоғары оқу орны мен күтпеген білімді беріп, көп мүмкіндік сыйлауда.

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА**

Осыдан екі жыл бұрын І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті атандым. Басында түскім келмеген университетті осылай жақсы көріп кетемін деген ой мүлдем болмады. Оған әсер еткен жанымдағы достарым. Қандай жағдай болмасын сені қолдап, саған қамқорлығын көрсететін жақын жандардың болуы. Міне көзді ашып жұмғанша 2 курс студентімін. Басында хабарым болмаған мамандыққа түскеніме шыны керек өкіндім, ауысып кеткім де келді. Бірақ оқытушылардың және ізденістің арқасында Қоғаммен байланыс мамандығына қызығушылық артып, ары қарай оқуға деген ниет артты. Өмірінің әр кезеңін қызықты ету өз қолыңда.

**Сәкен ЗЕЙНЕП**

Мектеп қабырғасынан кейін жаңа ортаға үйренісу әркім үшін қиындық тудырады. Университеттегі оқытушылар ең керемет жандар. Әр студенттің көңілін табуға тырысады. Университет оқытушылары мектеп мұғалімдеріндей емес, қатал деп ойлатын едім. Бірақ, Іляс Жансүгіров университеті оны жоққа шығарды. Оқытушылар сабақтарын қызықты етіп өткізеді. Мен өзімнің тобыммен ең алғашқы шығармашылық емтихан уақытында, жаз айында таныстым. Қыркүйек айында, бір-бірімізді толықтай танып, араласа бастадық. Менің өмірімдегі ең бақытты сәттің бірі, 11 сыныпта аңсаған арманымның орындалуы болды. Яғни, грант иегері атанған уақыт.

Қазіргі таңда Қоғаммен байланыс мамандығының 2 курс студентімін. Университетіміздің арқасында, білім алып, мол өмірлік тәжірибе жинап жатырмын. Біздің университетте Журналистика, Қоғаммен байланыс мамандығында оқитын студенттер үшін, үлкен мүмкіндіктер бар. Мәселен, Телестудияда хабар түсіргісі келетін болашақ журналист үшін бар жағдай жасалған. Арнайы камера, микрофон бәрі бар. Ал радиостудияда дауыс жазып, дикция қоямыз. Алда екі жылымыз қалды. Алғашында тек сабаққа көңіл бөлдім, кейіннен әртүрлі іс-шара, концерттерге барып, көңіл көтердім. Қазір ең қызық сәттерді өткізудеміз.

**Аяулым ДӘУЛЕТБЕК**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2 курс студентімін. Бұл университетке оқуға түскеніме еш өкінбеймін. Себебі, жан-жақты даму, өзіңді басқа қырынан көру үшін ЖОО көптеген мүмкіндік береді. Университетке түскенде бойымда қорқыныш болды. Осы уақытқа дейін Қоғаммен байланыс мамандығы туралы мүлдем естіп көрмеген адам үшін өте қиын. Білім алу барысында бұл мамандық болашақта сұранысқа ие мамандықтардың бірі екеніне көзім жетті. Оның бірден-бір себебі – универімiздегі оқытушылар деп білемін. Олар Қоғаммен байланыс мамандығы туралы көп мәлімет беріп, қызығушылығымызды арттыра түсті. Жастарға, болашақ студенттерге жүрек қалаған мамандықты таңдаңыздар дер едім. Мамандықты дұрыс таңдап, білім алу – арманға жетудегі алғашқы қадам.

**Меруерт АБДУҒАПАР**



# ИНТЕРАКТИВТІ БЕЙНЕСТУДИЯ – «DAVINCI»



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жаратылыстану жоғары мектебі мамандарының командасы IT-орталық директоры Жалғас Ахметовтың жетекшілігімен онлайн курстар, бейнесабақтар жазуға және вебинарлар өткізуге арналған «Қашықтан оқытуға арналған заманауи - DaVinci интерактивті бейнестудия» әзірлегені үшін патент алды.

Онлайн оқытуға сұраныс артқандықтан білім беру мекемелері бейне контент құра отырып, сапаға ерекше назар аударуы тиіс. Ол үшін сабақ және дәрісті жазатын, стримдерді өткізетін бейнестудия қажет. Жоба авторы осыны ескере отырып заманауи - DaVinci интерактивті бейнестудиясын жабдықтады.

Айта кету керек, бұл технологияны Сколково, Skillbox, Синергия университеті және көптеген білім беру саласындағы көшбасшы мекемелер белсенді қолданады. Алайда, шетелдік технологиядан айырмашылығы, бейне студияның отандық нұсқасы қол жетімді бағада. Мәселен, Жалғас Ахметовтың командасы құрған интерактивті студия құны бар-жоғы1 млн. теңге болса, IDesk (10 млн.теңгеден астам) SVETAK (шамамен 4 млн. теңге). Яғни, ресейлік аналогтары анағұрлым қымбат.

Әзірлеушілер тобы бұған дейін де тәжірибелік-конструкторлық санатындағы көптеген жобалар жасаған. Республикалық «Тәуелсіздік ұрпақтары» және университетішілік «Жас Ғалым» байқауындағы жеңісі осыны айғақтайды. Ал жобаның ғылыми жетекшісі Жалғас Ахметовтың ҒЖБССҚК, РҒДИ (РИНЦ) базаларында, халықаралық конференцияларда 15-тен астам ғылыми еңбектері жарияланып, 4 оқу құралы шықты.

*2-3 бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ, ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ БОЛЫП ОТЫР. ӨЙТКЕНІ, БАРЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ – БАЛАБАҚША ДЕСЕК ҚАТЕЛЕСПЕЙМІЗ. ОСЫ ОРАЙДА «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР.**

**І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОСЫ БІР МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА БИЫЛ 45 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ЕНДІ ӨТКЕНГЕ СӘЛ ШЕГІНІС ЖАСАП, ТАРИХҚА ҮҢІЛСЕК.**



**Институт ректоры ф.ғ.к., профессор Мырзатай Жолдасбеков қалалық студияда «Мектепке дейінгі педагогика» факультетінің 1978-1983 жж. басшыларымен**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ

1978 жылы Талдықорған педагогикалық институтының «Музыка және педагогика» факультетінің құрамында Қазақстандағы педагогика ғылымының «Мектепке дейінгі педагогика» саласы бойынша «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығына дайындау ісі басталып кетті. Алдымен орыс тілінде, араға жыл салып, 1979 жылы қазақ топтарына 50 студент қабылданады. 1980 жылы «Мектепке дейінгі педагогика» факультеті аталып, басқа корпусқа көшіріліп, өз алдына факультет болып қалыптасты.

1981 жылы 31 наурызда Талдықорған педагогикалық институтының білім мен практиканы ұштастыра беру іс-тәжірибелері қорытындыланып, мамандықтардың талапқа сай дайындалуына орай Халықтық білім беру министрлігі алқасының шешімімен Қазақстанның барлық педагогикалық жоғары оқу орындарына пайдалануға ұсынылды.

1984 жылдың мамырында ЖОО арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша институт КСРО Білім Министрлігінің Қызыл Туымен марапатталды. Жоғары оқу орындары ішіндегі мұндай жетістік институт ұжымын оқу-тәрбие ісіне құлшындыра түсті. Бұл жетістікте «Мектепке дейінгі педагогика» факультеті алдыңғы шепте көрініп жүрді.

Кафедра меңгерушісі Шайзинда Жанадиловтың бастамасымен мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығына ЖОО-ның типтік бағдарламасы министрліктің бекітуімен алғаш рет қазақ тілінде шығарылып, өзге оқу орындарына қолданысқа енгізілді.

Факультетте алғашқыда тек «Мектепке дейінгі педагогика» кафедрасы болса, 1982 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие әдістемесі» кафедрасы ашылды.

1994 жылы «Қазақ балабақша бағдарламасы» проблемасы бойынша уақытша ғылыми-зерттеу комитеті (ВНИК) құрылды. Факультеттің профессор-оқытушылар құрамы ғылыми тұрғыда беки түсуіне бір ықпал еткен жайт Москва, Ленинград, Алматы қалаларының аспирантураларына Т.В.Ким, Т.А.Макеева, М.К.Ибраимова, Р.К.Аралбаевалардың оқуға жіберіліп, кафедралар санының үздік түлектерімен толыға бастауы.

«Мектеп жасына дейінгі тәрбие методикасы» деп аталатын кафедрада музыка, мектепке дейінгі балалар тілін дамыту, элементарлық математика, табиғаттану, орысша тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгілерге қазақ тілін оқыту, мейрамдар ұйымдастыру сияқты пәндер әрі теориялық, әрі практикалық тұрғыда жүргізілді. Бұл бағытта Москва қаласындағы КСРО-ның ғылым академиясына қарасты мектепке дейінгі ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен (директоры И.И.Подьяков), лаборатория зерттеушілерімен (меңгерушісі Ф.А.Сохин) факультеттің ғылыми ізденушілері байланыс орната білді. А. Арысбаева мектепке дейінгі педагогика оқулығының авторы В.И.Ядешконың жетекшілігімен Ленин атындағы МГПУ-де тағылымдама өтіп, зерттеу жұмыстарын бастайды. Мектепке дейінгі мекемелерге педагог әрі психолог мамандарын ғылыми негізде даярлайтын факультеттің шебер мектебін құрғызу мақсатында кафедралардың ассистенттері сол кездердегі Москва, Томск қалаларының осы саладағы білім беру және зерттеу орталықтары ғалымдарымен (А.Г.Арушанова, Г.Г.Кравцов, Поздняк Л.В.) кафедра ассистенттеріне жетекшілік ете бастады. Оқытушы-профессорлар қатары да көбейе түсті. Атап айтқанда, 1980-1993 жылдар аралығында мектепке дейінгі педагогика кафедрасынан: А.Д.Каретная. (ҚазПИ Алматы), Т.А.Макеева (Санкт-Петербург), Т.В. Ким (ҚазПИ Алматы), «Мектепке дейінгі оқыту әдістемесі» кафедрасынан: Р.Қ.Аралбаева (Москва, А.И. Герцен атындағы РМПУ), А. Б. Бакраденовалар (Қаз.Мем.Қыз.ПИ.,Алматы) ғылыми зерттеулерін сәтті аяқтап, диссертацияларын қорғап шықты.

1994 жылдан №1, №10, №42, №45, №52 балабақшаларда мектепке дейінгі педагогика кафедрасының ғылыми-зерттеу филиалдары құрыла бастады.

Факультеттің ғылыми кеңесі мүшелері жоспарлы түрде оқытушылар мен іштей және сырттай оқитын студенттердің әлеуметтік жағдайына, ҚР білім беру министрлігі тарапынан бекітілген оқыту бағдарламалары бойынша оқытылып жатқан студенттердің әр сессиядағы білім нәтижелеріне сараптама жасап тұратын. Факультет кеңесі мүшелігіне топ басшылары, комсоргтары мен оқу озаттары қатысатын.

Факультет кеңесінің шешімімен 1983-1990 жылдар аралығында «Мектепке дейінгі педагогика және психология пәнінің оқытушысы, мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдіскер» классификаторы бойынша дайындалатын 4-курс студенттерінің кәсіби педагогикалық практикалары Алматы, Балқаш, Қызылорда қалаларындағы педучилищелерде өткізіліп тұрды. Институттың мектепке дейінгі педагогика факультетінің алғашқы түлектері тарихы терең М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесінде практикадан өтті. 1979 жылы ақынның туғанына 85 жыл толуына байланысты әдеби музей ашылған болатын. Қызылорда қаласында Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық *училищеде өткен практика кезінде студенттер І.Жансүгіровтің әрі шәкірті, әрі қаламдас тұстасы болған Асқар Тоқмағамбетовпен кездесті. Қазақстанның бұрынғы орталығы болған өңірден І.Жансүгіровтың өміріне қатысты материалдар жинастырып, музейге қажетті ерекше сұхбаттар жүргізіп, ақынның көзкөргендерімен кездесулер ұйымдастырды.*


**1982 жыл. Алғашқы түлектердің соңғы қоңырауы**


**1983 жыл 20 мамыр. Алғашқы қазақ топтарының соңғы қоңырауы**


**«Мектепке дейінгі тәрбие методикасы» кафедрасы ұжымы. 1985 жыл**


**Мектепке дейінгі педагогика кафедрасының ұжымы. 1989 жыл**


**Манасбаева Ақсұлу (доцент) Музыка-педагогика факультетінің деканы**


**Когай Ростислав п.ғ.к., Халық ағарту ісінің үздік қызметкері. Мектепке дейінгі педагогика факультетінің деканы**


**Жанадилов Шайзинда (доцент) Мектепке дейінгі педагогика кафедрасының алғашқы меңгерушісі**


**Ибрагимов Ұлугбек Мектепке дейінгі педагогика кафедрасының меңгерушісі**


**Қызылорда, 1982 жыл. І.Жансүгіров туралы жазылған ақын естелігі кітабымен студентіміз Иманбеков Тұрғанғали**

Училище ұстаздарынан тәжірибе алмасумен қатар «Сыр елімен сырласу» атты әдеби кеш өткізіп, практиканттар тоқсан жастағы ақын алғысын алған. Жетісу ән-күйлерін орындап, І.Жансүгіровтің лирикаларын оқыған концерттік бағдарлама бүгін де тарихқа айналды. Мектепке дейінгі мамандықты алғаш бітірген түлектер бүгіндері балабақша меңгерушілері, мектепке дейін білім беру менеджерлері, ғалымзерттеушілер.

Факультетте ұйымдастырылған әртүрлі шаралар студенттердің жан-жақты өнерлі болып шығуына, ғылымға ұмтылуына ықпал етті.


**Домбырада Гүлмайдан Сүндетова мен Бекжигитова Күләш, ұлттық аспап пен баянда Өтепбергенова Дариға және ИманбековТұрғанғали**




Одақтық Ғылым Академиясының «Мектепке дейінгі педагогика» институты ғылыми қызметкерлерімен тығыз байланыс орнатып, 1992 жылы институттың 20 жылдық мерейтойына орай осы ғылыми орталықтан бірнеше ғалымдар келіп, конференция өткізілді.

Шетел және КСРО ғалымдарымен байланыс орнатып, нәтижесінде факультетке осы мамандықтар бойынша тағылымдама өткен бес ғылым кандидаты, төрт аспирант қосылды. Алматы Қазақ Қыздар педагогтік институты, Абай атындағы АлМҰУ аспирантураларына қабылданған оқытушылардың ғылыми ізденістері арқасында Меңлібекова Г.Ж., Иманбеков Т., Нурахунова А.А., Ханина Н.Н., Шужебаева А.И., Тасжурекова Ж.Т., Капенова А.А, Баримбеков Н.Ж., Абишева Э.Д., Мамекова А.Т. педагогика тарихы, мектепке дейінгі педагогика және психология, оқыту әдістемелері тақырыптарында диссертациялар қорғап, ғылым кандидаттары, докторлары атағына ие болды.

# ТӘРБИЕЛЕУ МАМАНДЫҒЫНА - 45 ЖЫЛ!



**Жұмыс беруші №42 балабақша меңгерушісі С.Сейілғазинованың практикалық сабағынан көрініс**

*Педагогика және психология жоғары мектебінде республиканың мектепке дейінгі мекемелеріне тәрбиеші, бастауыш сынып мұғалімі және арнайы білім беру мектептеріне педагогтар мен психологтар даярланып келеді. Бұл мектептің негізі қаланып, даму кезеңдері Е.Ш. Темиров (1998-2008), Х.Т. Наубаева (2008-2015), С.А. Сочин (2015-2017), М.Т.Кантуреев (2017-2018), К.Т. Ыбыраимжановтар (2018-2023) сынды декандар атқарған уақытта ғылыми-практикалық әлеуеті көтеріле түсті.*

*Болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлауда қазіргі білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер Н.Н. Ханина., қауымдастырылған профессор (доценттер) Ф.Б Бөрібекова., А.Б Бакраденова., А.А Капенова; PhD докторлары оқытушы-дәріскерлер Г.С. Майлыбаева, С.А Фейзулдаева; оқытушы-дәріскер, магистрлер ББ жетекшісі А.С. Таурбекова, Г.А Тажиновалар еңбек етіп келеді. Түлектер магистратура мен докторантурада білімдерін жалғастырып, оқу мен тәрбие, мәдениет салаларында, түрлі қоғамдық салада қызмет етіп жүр.*

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті – педагогикалық бағыттағы мамандықтарды халықаралық аккредиттеуден өткізген Қазақстандағы алғашқы оқу орны.** «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының студенттері әр жылда өтетін Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасына белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. 2010 жылы алғаш рет Алматы қаласында Қазақ қыздар педагогикалық институтында ұйымдастырылған «Балаға жүрек жылуы» атты І Республикалық Студенттердің пәндік олимпиадасында «Құлагер» тобы жүлделі ІІІ дәрежелі орын иеленді. (Топ жетекшісі п.ғ.к., доцент Капенова А.А).

2011 жылы ІІ Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасында жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясы кафедрасының доценті., п.ғ.к. Шужебаева А.И жетекшілігімен «Қарлығаш» тобы жүлделі ІІІ орынға ие болды.

2012 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен байқауда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Күншуақ» командасы ІІІ орын алды. Команда жетекшісі жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясы кафедрасының аға оқытушысы С.Б. Абдеева.

2013 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде ұйымдастырылған республикалық студенттердің пәндік олимпиадасында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің командасы «Балаға деген жүрек жылуы» номинациясын иеленді. Команда жетекшісі жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясы кафедрасының аға оқытушысы Абдеева С.Б. 2014 жылы Өскемен қаласындағы С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен байқауда «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандық студенттерінен құрылған «Sunny» командасы ІІ орын алды. Топ жетекшісі жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясы кафедрасының аға оқытушысы Таурбекова А. С.

2015 - 2016 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Жетісу» командасы Таурбекова Айнур Сапашевнаның жетекшілігімен академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен студенттердің пәндік олимпиадасында жүлделі ІІІ орын алды. 2017 жылы Таурбекова А.С. жетекшіліктерімен академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен байқауда І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Sunny» тобы ІІ орын алды.



**«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» зертханасынан көрініс**

2019 жылы Өскемен қаласы С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде өткен Х республикалық студенттердің пәндік олимпиадада жүлделі ІІІ орынды иеленді. Топ жетекшісі жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясы кафедрасының аға оқытушысы Таурбекова А. 2020 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының студенттер командасы ІІ орын алды. Топ жетекшісі оқыту және тәрбиелеу кафедрасының аға оқытушысы Тажинова Г.А.

2022 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында өткен XIV республикалық пәндік олимпиядада университет командасы жүлделі І орынға шықты. Жетекшісі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының магистрі, оқытушы-дәріскер Таурбекова А. С.

Биыл университетімізде «Жетістік педагогикасы: мектепке дейінгі тәрбиеде инновацияларды іске асыру практикасы» тақырыбында XV республикалық пәндік олимпиада өткізілді.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ББ бойынша республика балабақшалары үшін Жетісу өңірінде педагог мамандар даярлап, оқытушы-профессорлар ұжымы ғылыми зерттеу жұмыстарымен де белсенді айналысуда.

Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламасының нәтижесі жыл соңында «Мектепке дейінгі білім беру инновациялары» тақырыбында конференция өтті.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының білім беру бағдарламасы ғылыми зерттеушілік, ғылыми семинарлар мен оқу үдерісін ұйымдастыру жұмыстары (студенттер мен магистранттарға арналған дәрістер) бойынша талаптар күшейіп, білімгерлердің де гранттық жобаларға қатысуы жоспарланып отыр.

Білімгерлердің жетістіктері де аз емес.

2020 жылы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы педагогикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына арналған республикалық байқауында Білім және Ғылым министрлігінің І дәрежелі дипломымен Бондарь Маргарита марапатталды. (Ғылыми жетекшісі: Гүлмира Майлыбаева). 2022 жылы Еуразия гуманитарлық институты базалық жоғары оқу орнында Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары бойынша өткізілген республикалық СҒЗЖ байқауында Рахманбек Айгүл ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. (Жетекшісі: Салтанат Фейзулдаева). 2023 жылғы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары республикалық конкурсының үздік ғылыми жұмысы – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің І дәрежелі дипломымен Майлыбай Мөлдір марапатталды. (Ғылыми жетекшісі: Жадыра Жексембаева).

Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі білім беру ұжымы оқу процесі мен ғылыми зерттеулерді уақыт талабына сәйкес жұмыс берушілермен байланыста ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» зертханасы ашылды. Бұл шешім МДҰ тәрбиешілерімен дуалды оқыту жүйесін енгізуде тиімді болды.

Жұмыс беруші мекемелермен семинарлар өткізу мектепке дейінгі болашақ педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруда теориялық білімді іс-тәжірибемен сабақтастыруды жүзеге асырады.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 2022 жылы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп өткізген жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысып, оң нәтиже көрсетті. Білім беру бағдарламалары рейтингісінің нәтижелері бойынша 1 орынға – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ББ ие болды.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Сандық технологиялармен жабдықталған аудиторияларда теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, студенттерге толыққанды білім алуға мүмкіндік береді.

Педагогика және психология жоғары мектебінің деканы PhD философия докторы Ерлан Хаймулдановтың басқаруымен оқыту процесінде оқытушы-профессорларының жоспарын жүзеге асыруға әлеуеті жеткілікті.



**Музыка және мектепке дейінгі педагогика студенттерінің облыстың еңбек жеңімпаздарымен кездесу іс-шарасы, 1986 жыл**

*(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)*

# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ТАШКЕНТКЕ САПАРЫ

Ташкентте газет жұмысында жүрген Ілияс Жансүгіровті филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев жас кезінде көрген екен. Оны кейін былай деп еске алады: «... Сол жылы мен Ташкенттегі қазақ газетінде Ілияспен бірге қызмет істедім. Онда Ілияс 20-25 шамасындағы, мұрты жаңа тебіндей бастаған жас жігіт еді. Қазақы қыр киімді болатын. Басында үш құлақ тымақ, сыртын ақпен тыстаған шолақ тон, аяғында жұлықтаған сәнді киіз етік, қолында қысқа мойын ақ домбырасы болушы еді. Сол домбырамен ән салатын. Сол күндерден бастап, Ілияс менің өз ағамдай болып кетті. Қазақ баласында мұндай кішіпейіл, ақылды, ақкөңіл, адамды сирек көрдім.



